
8.13 Дебиторлық берешек Дебиторская задолженность

млн. теңге

млн. теңге

	2005	2006	2007	2008	2009*	
Барлығы	2 525 704	3 412 192	4 502 302	5 499 540	7 545 946	Всего
Ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы	50 969	83 552	111 812	168 834	189 786	Сельское хозяйство, охота и лесное хозяйство
Балық аулау, балық өсіру	30	239	494	423	192	Рыболовство и рыбководство
Кен өндіру өнеркәсібі	673 300	842 555	1 206 519	1 201 511	2 191 400	Горнодобывающая промышленность
Өңдеу өнеркәсібі	488 637	622 135	1 062 529	1 062 373	1 279 513	Обрабатывающая промышленность
Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу	94 346	80 311	105 561	137 160	161 973	Производство и распределение электроэнергии, газа и воды
Құрылыс	259 563	471 142	623 921	772 358	780 512	Строительство

	2005	2006	2007	2008	2009*	
Сауда, автомобильдерді және үйде пайдаланылатын бұйымдарды жөндеу	253 598	449 480	565 070	814 767	1 345 987	Торговля, ремонт автомобилей и изде-лий домашнего пользования
Қонақ үйлер мен мейрамханалар	8 728	12 516	27 181	33 165	37 136	Гостиницы и рестораны
Көлік және байланыс	311 613	389 887	391 119	459 189	525 889	Транспорт и связь
Қаржы қызметі	173 833	218 536	16 371	439 080	364 775	Финансовая деятельность
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, тұтынушыларға жалға беру және қызмет көрсету	203 082	230 513	368 451	394 454	653 705	Операции с недвижимым имуществом, аренда и услуги потребителям
Мемлекеттік басқару	378	784	829	Государственное управление
Коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызметтер көрсету	7 627	10 542	22 446	16 225	15 078	Предоставление коммунальных, социальных и персональных услуг

ГЛОССАРИЙ

Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер Социально-демографические показатели

Халық Население

Халық саны осы берілген уақыт мезетінде осы аумақта тұрып жатқан адамдар саны.

Жыл басына ағымдағы бағалау – халық санағының соңғы қорытындысы негізінде есептеліп, оған сол аумақта туғандары мен келгендерінің саны жыл сайын қосылып отырады да, одан сол аумақта өлгендері мен кеткендерінің саны шегеріледі. Өткен жылдардағы халық санының ағымдағы бағасы кезекті санақ қорытындысы негізінде нақтыланады.

Халықтың жалпы санының есебі тұтастай Қазақстан және оның жекелеген әкімшілік-аумақтық бірлігі (қалалық мекендер, қалалық аудандар, әкімшілік аудандар) бойынша жүргізіледі. Есептеуде олардың жекелеген аумақтарындағы шекаралардың өзгеруі нәтижесінде, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық қайта құру нәтижесінде қалалық және ауылдық мекендердегі халық санының өзгеруі нәтижесінде халық санының көбеюі немесе кемуі ескеріледі.

Халық саны **қала** және **ауыл халқы** болып бөлінеді.

Қала халқына – қалалық мекендерде тұратын адамдар жатады. Қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңыздағы қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныстылығының аумағындағы кенттер жатады.

Ауыл халқына - ауылдық мекендерде тұратын адамдар жатады. Қалалық болып сыныпталмаған елді мекендер ауылдық болып саналады.

Туу, өлім, неке және ажырасу туралы мәліметтер азаматтық хал

Численность населения, количество людей, проживающих на данной территории в данный момент времени.

Текущие оценки на начало года рассчитываются на основании итогов последней переписи населения, к которым ежегодно прибавляются числа родившихся и прибывших на данную территорию и из которых вычитаются числа умерших и выбывших с данной территории. Текущие оценки численности населения за прошедшие годы уточняются на основании итогов очередной переписи.

Расчеты общей численности населения производятся в целом по Казахстану и его отдельным административно-территориальным единицам (городским поселениям, городским районам, административным районам). В расчетах учитываются увеличение или сокращение численности населения отдельных территорий в результате изменения их границ, а также изменения численности городского и сельского населения в результате административно-территориальных преобразований.

Численность населения распределяется на **городское и сельское население**.

Городское население - население, проживающее в городских поселениях. К городским населенным пунктам относятся города республиканского, областного и районного значения, а также поселки, находящиеся на территории их административной подчиненности.

Сельское население - население, проживающее в сельской местности. Населенные пункты, не классифицируемые в качестве городских, считаются сельскими.

актілерін жазу органдары толтыратын туу, өлім, некеге тұру және бұзу туралы актілердегі жыл сайынғы статистикалық деректер негізінде әзірленеді, туғандар санына тек қана тірі туғандар енгізілген.

Табиғи өсім бір жылда туғандар мен өлгендер санының айырымына тең.

Туудың жасына қарай коэффициенттері әрбір жас топтарындағы әйелдердің бала тууының бір жылдағы орташа деңгейін сипаттайды. Ол белгілі бір жас топтарындағы әйелдердің күнтізбелік жылда босанған санының осы жастағы әйелдердің орташа жылдық санына қатынасы ретінде есептелген. 20 жасқа дейінгі жас топтарының коэффициентін есептеген кезде белгіш ретінде 15-19 жастағы әйелдер саны алынды, 15-49 жастағы жас топтарының коэффициентін есептеу кезінде алымында 15 жасқа дейінгі, сонымен бірге 50 жастағы және одан асқан аналардан туғандардың барлығы есепке алынды.

Өлімнің жасына қарай коэффициенттері әрбір жас топтарындағы өлімнің орташа деңгейін сипаттайды. Ол күнтізбелік жылда белгілі бір жаста өлгендер санының сол жастағы халықтың орташа жылдық санына қатынасымен есептелді.

Туғаннан күтілетін өмір ұзақтығы – осы ұрпақтың бүкіл өмірі бойында әр жастағы өлім деңгейі осы уақыт кезеңіндегідей болып қалған жағдайда, ұрпақтан туған бір адамның алдағы уақытта өмір сүретін орташа жас саны.

Халықтың көші-қоны туралы деректер ішкі істер органдарынан келіп түсетін келушілер мен кетушілерді тіркеу кезінде мекен-жай қағазымен бір мезгілде толтырылатын статистикалық есеп талондарын өңдеу нәтижесінде алынған.

Сведения о рождениях, смертях, браках и разводах разрабатываются на основании ежегодных статистических данных, содержащихся в актах о рождении, смерти, заключении и расторжении брака, составляемых органами записи актов гражданского состояния, в число родившихся включены только родившиеся живыми.

Естественный прирост равен разности между числом родившихся и умерших за год.

Возрастные коэффициенты рождаемости характеризуют средний за год уровень рождаемости женщин каждой возрастной группы. Они вычислены как отношение числа родившихся за календарный год у женщин данной возрастной группы к среднегодовой численности женщин этого возраста. При вычислении коэффициента для возрастной группы до 20 лет в качестве знаменателя принята численность женщин в возрасте 15-19 лет. При вычислении коэффициента для возрастной группы 15-49 лет в числителе учтены все родившиеся, включая родившихся у матерей в возрасте как до 15 лет, так и 50 лет и старше.

Возрастные коэффициенты смертности характеризуют средний уровень смертности в каждой возрастной группе. Они рассчитаны как отношение числа умерших в данном возрасте в течении календарного года к среднегодовой численности лиц данного возраста.

Ожидаемая продолжительность жизни при рождении – это число лет, которое в среднем предстоит прожить одному человеку из поколения родившихся при условии, что на протяжении всей жизни этого поколения уровень смертности в каждом возрасте останется таким, как в данный период времени.

Данные о **миграции населения** получены в результате разработки поступающих от органов внутренних дел талонов статистического учета прибытия и убытия, которые составляются одновременно с адресными листками при регистрации.

Денсаулық сақтау Здравоохранение

Бөлімде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық ұйымдар жүйесі, қызметі және кадрлары, аурудың жекелеген түрлері, сондай-ақ халықты әлеуметтік қорғау туралы деректері бар.

Жалпы **дәрігерлер санына** жыл соңына емдеу, санитарлық ұйымдарда, әлеуметтік қорғау ұйымдарда, ғылыми-зерттеу институттарында, кадрлар дайындаумен айналысатын ұйымдарда, денсаулық сақтау органдарының аппараттарында және басқаларда жұмыс істейтін жоғары медициналық білімі бар барлық дәрігерлер кіреді.

Жалпы **орта медициналық қызметкерлер санына** орта медициналық білімі бар (емдеу, санитарлық ұйымдарда, әлеуметтік қорғау ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдарда, мектептерде, балалар үйінде жұмыс істейтін тіс дәрігерлері – дантистерді қоса) барлық адамдар кіреді.

Аурухана ұйымдарында қажетті құрал-жабдықпен жабдықталған және аурулар қабылдауға дайын **төсек** жыл соңында, аурулар бар немесе жоқтығына қарамастан, есепке алуға жатады.

Халыққа амбулаториялық - емханалық көмек көрсететін **дәрігерлік ұйымдар** санына амбулаториялық қабылдау (емханалар, амбулаториялар, диспансерлер, аурухана ұйымдарындағы емханалық бөлімдер, дәрігерлік денсаулық пункттері және басқалары) жүргізетін барлық медициналық ұйымдар кіреді.

Ауру-сырқаулық деңгейі бірінші рет диагноз қойылған аурулар санының тұрақты халықтың орташа жылдық санына қатынасымен анықталады.

Халықтың ауру-сырқаулығы туралы статистикалық талдама үшін ауру-сырқаулық және өлім-жітім туралы

Раздел содержит данные Министерства здравоохранения Республики Казахстан о сети, деятельности и кадрах медицинских организаций, об отдельных видах заболеваний, а также о социальной защите населения.

В общую **численность врачей** включаются все врачи с высшим медицинским образованием на конец года, занятые в лечебных, санитарных организациях, организациях социальной защиты, научно-исследовательских институтах, организациях, занятых подготовкой кадров, в аппарате органов здравоохранения и др.

В общую **численность среднего медицинского персонала** включаются все лица со средним медицинским образованием (включая зубных врачей – дантистов, занятые в лечебных, санитарных организациях, организациях социальной защиты, дошкольных организациях, школах, домах ребенка).

В больничных организациях учету подлежат **койки** на конец года, оборудованные необходимым инвентарем и готовые принять больных, независимо от того, заняты они больными или нет.

В число **врачебных организаций**, оказывающих амбулаторно-поликлиническую помощь населению, включаются все медицинские организации, которые ведут амбулаторный прием (поликлиники, амбулатории, диспансеры, поликлинические отделения больничных организаций, врачебные здравпункты и др.).

Уровень заболеваемости определяется отношением числа больных с впервые установленным диагнозом к среднегодовой численности постоянного населения.

Для статистической разработки данных о заболеваемости населения применяется Международная классификация болезней, обеспечивающая

мәліметтердің салыстырмалылығын қамтамасыз ететін оныншы рет қайта қаралған Аурулардың халықаралық сыныптамасы қолданылады.

сравнимость сведений о заболеваемости и смертности, десятого пересмотра.

Білім беру Образование

Бөлімде мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру ұйымдары: тұрақты мектепке дейінгі ұйымдар, жалпы білім беретін мектептер, кәсіптік мектептер (лицейлер), колледждер мен жоғары оқу орындары туралы статистикалық деректер бар.

Тұрақты мектепке дейінгі ұйымдар (жылына кем дегенде 10 ай жұмыс істейтін) 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды күту, қарау, денсаулығын жақсарту, тәрбиелеу және оқытуды қамтамасыз етеді.

Жалпы білім беретін мектептер - бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары. Жалпы білім беретін мектептер үздіксіз білім берудің негізгі буыны болып табылады. Статистикалық есептіктерде күндізгі жалпы білім беретін мектептер типтері бойынша: бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнаулы түзету мектептері, түрлі пәндерді тереңдетіп оқыту мектептері, гимназиялар, лицейлер болып топталады.

Техникалық және кәсіптік білім беру орта білім беру деңгейінің құрамдас бөлігі болып табылады және қоғамдық пайдалы кәсіптік қызметтердің негізгі бағыттары бойынша техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарын даярлауға бағытталған. Техникалық және кәсіптік білім беру негізгі орта және (немесе) жалпы орта білім беру базасында кәсіптік лицейлерде, училищелерде, колледждерде және жоғары техникалық мектептерде жүзеге асырылады.

Раздел содержит статистические данные о государственных и негосударственных образовательных организациях: постоянных дошкольных организациях, общеобразовательных школах, профессиональных школах (лицеях), колледжах и высших учебных заведениях.

Постоянные дошкольные организации (работающие не менее 10 месяцев в году) обеспечивают уход, присмотр, оздоровление, воспитание и обучение детей в возрасте от 1 года до 6 (7) лет.

Общеобразовательные школы – учебные заведения, реализующие общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего и общего среднего образования. Общеобразовательные школы являются основным звеном непрерывного образования. В статистической отчетности дневные общеобразовательные школы группируются по типам: начальные, основные средние, общие средние, специальные коррекционные, школы с углубленным изучением различных предметов, гимназии, лицеи.

Техническое и профессиональное образование является составной частью уровня среднего образования и направлено на подготовку квалифицированных специалистов технического и обслуживающего труда по основным направлениям общественно-полезной профессиональной деятельности. Техническое и профессиональное образование осуществляется в профессиональных лицеях, училищах, колледжах и высших технических школах на базе основного среднего и (или) общего среднего образования.

Кәсіптік мектептер (лицейлер) – жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті кадрларын даярлау жөнінде техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

Колледждер – қоғамдық пайдалы кәсіптік қызметтердің негізгі бағыттары бойынша техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарын даярлауға бағытталған, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

Жоғары оқу орындары – біліктілікті және (немесе) “бакалавр” академиялық дәрежесін бере отырып мамандар даярлауға, жоғары білікті ғылыми және педагог кадрлар даярлауға бағытталған, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

Профессиональные школы (лицей) – учебные заведения, реализующие общеобразовательные учебные программы общего среднего образования и профессиональные учебные программы технического и профессионального образования по подготовке квалифицированных кадров технического и обслуживающего труда.

Колледжи - учебные заведения, реализующие общеобразовательные учебные программы общего среднего образования и профессиональные учебные программы технического и профессионального, послесреднего образования, направленные на подготовку квалифицированных специалистов технического и обслуживающего труда по основным направлениям общественно-полезной профессиональной деятельности.

Высшие учебные заведения – учебные заведения, реализующие профессиональные учебные программы высшего и послевузовского образования, направленные на подготовку специалистов с присвоением квалификации и (или) академической степени «бакалавр», а также научных и педагогических кадров высшей квалификации.

Мәдениет Культура

Театрлар – бұл әдебиет пен өнер (балаларға, және жас өспірімдерге, жастарға арналған драмалық, музыкалық-драмалық, музыкалық, хореографиялық, қуыршақтық, пантомималарды, сықақ және әзіл-оспақ) туындыларының сахналық қойылымдарын жүзеге асыратын ойын-сауық ұйымдары.

Кітапхана – бұл қолда бар ұйымдасқан баспа және жолжазба құжаттары қорын, сондай-ақ электрондық тасымалдауышта графикалық, аудиовизуалдық материалдарды, құжаттарды және оларды заңды және

Театры – зрелищные организации, осуществляющие сценические представления произведений литературы и искусства (драматические, музыкально-драматические, музыкальные, хореографические, кукольные, пантомимы, сатиры и юмора, для детей и юношества, молодежные, экспериментальные и иные).

Библиотека – учреждение, выполняющее информационные, культурные, образовательные функции, располагающее организационным фондом печатных и рукописных документов, а также графическими, аудиовизуаль-

жеке тұлғаларға уақытша пайдалануға ұсынатын ақпараттық, мәдени, ағарту қызметтерін атқаратын мекеме.

Мұражайлар – мәдени, ағарту, ғылыми-зерттеу функцияларын жүзеге асыруға және тарихи-мәдениет ескерткіштерін түсіндіріп таратуды қамтамасыз етуге бейімделген мұражай экспонаттары мен мұражай коллекцияларын сақтау, зерттеу және жұртшылыққа ұсыну үшін құрылған ұйым.

Кинотеатр – кино көрсету үшін жабдықталған қоғамдық үй.

Киноқондырғы – кино көрсетуге арналған жабдықтар кешені. Киноқондырғылар тұрақты (арнайы жабдықталған үй-жайда тұрақты негізде кіріктіре салынған аппаратура) және жылжымалы (кино көрсету уақытына орналастырылатын аппаратура) болып бөлінеді.

Клуб типтес мекемелер – күнделікті қатынау, тұлғаны дамыту, көркемөнерпаздардың, халық шығармашылығының орталықтары болып табылатын мәдени-демалыс ұйымдары.

Концерттік ұйымдар – әдебиет пен өнер туындыларын көпшілікке орындау және көркемөнер ұжымдар мен жеке орындаушыларды әйгілеу жағдайларын жасауға арналған іс-шаралар кешенін іске асыратын көріністік ұйымдар.

Парк – ашық аспан астында демалуға арналған жақсы жабдықталған және көркем безендірілген көгалдандырылған көлемі үлкен аумақ. Ойын-сауық және демалыс паркілеріне табиғи және мәдени-рекреациялық аумақ болып табылатын, мәдени-демалысты ұйымдастыратын және халық арасында дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жүргізетін кешенді, көп функциялы мәдениет мекемелері жатады.

Хайуанаттар паркі – жабайы жануарларды көбінесе еріксіз қамауда

ными материалами, документами на электронных носителях и представляющее их во временное пользование физическим и юридическим лицам.

Музеи – организации культуры, созданные для хранения, изучения и публичного представления музейных экспонатов и музейных коллекций, призванные осуществлять культурные, образовательные, научно-исследовательские функции и обеспечивать популяризацию историко-культурного наследия.

Кинотеатр – общественное здание, оборудованное для показа фильмов.

Киноустановка – комплекс оборудования для демонстрации кинофильмов. Киноустановки подразделяются на **стационарные** (аппаратура постоянно смонтирована в специально оборудованном помещении) и **передвижные** (аппаратура устанавливается на время показа кинофильмов).

Учреждения клубного типа – культурно-досуговые организации, являющиеся центрами повседневного общения, развития личности, самодеятельного, художественного народного творчества.

Концертные организации – зрелищные организации, реализующие комплекс мер для создания условий публичного исполнения произведений литературы и искусства и популяризации художественных коллективов и отдельных исполнителей.

Парк – обширная озелененная территория, благоустроенная и художественно оформленная для отдыха под открытым небом. К паркам развлекательный и отдыха относятся комплексные, многофункциональные учреждения культуры, являющиеся природными и культурно-рекреационными территориями, организующие культурно-досуговую и физкультурно-оздоровительную работу для населения.

Зоопарк – культурно-просветительское учреждение, предназначенное

ұстауға, сондай-ақ халыққа көрсету және оларды өрбіту үшін арналған мәдени-ағарту мекемесі.

преимущественно для содержания в неволе или полувольно, а также для показа и разведения диких животных.

Қысмыстылық Преступность

Бөлімде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің қылмыстылық жағдай туралы, оның ішінде аса ауыр және кең тараған қылмыстардың жекелеген түрлері бойынша деректері бар. Қылмыс жасаған адамдар туралы ақпарат, олардың жынысы, жасы, әлеуметтік жағдайы жөнінде сипаттама келтіріледі. Сотталғандар саны, олардың құрамы, жазалаудың негізгі шаралары бойынша сотталғандарды бөлу туралы ақпарат берілген.

Қылмыстылық – белгілі уақыт кезеңі ішінде нақты аумақта жасалған, сандық және сапалық көрсеткіштермен сипатталатын қылмыстар жататын әлеуметтік-құқықтық құбылыс.

Тіркелген қылмыс – ашылған және ресми түрде есепке алынған, оған қылмыстық заңнамада жауапкершілік көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекет.

Жеке адамға қарсы қылмыс – жеке адамның өміріне, денсаулығына, бостандығы мен абыройына қиянат жасайтын қылмыс.

Ауыр қылмыс – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген, қоғамға өте қауіпті болып табылатын қасақана әрекеттер.

Экономикалық қылмыс - тауарлар мен қызметтерді өндіру, бөлу және тұтыну аясында жасалған, оның ішінде қызмет мәртебесін заңсыз пайдаланумен байланысты (иемдену жолымен жасалған талан-тараж, ысырап ету, қызмет бабын теріс пайдалану, тұтынушыларды алдау, сауда ережелерін бұзу, мемлекеттік баға тәртібін бұзу, салық төлеуден жал-

Раздел содержит данные Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан о состоянии преступности, в том числе по отдельным видам наиболее опасных и распространенных преступлений. Приводится информация о лицах, совершивших преступления, их характеристика по полу, возрасту, социальному положению. Представлена информация о численности осужденных, их составе, о распределении осужденных по основным мерам наказания.

Преступность – социально-правовое явление, включающее преступления, совершенные на конкретной территории в течение определенного периода времени и характеризующееся количественными и качественными показателями.

Зарегистрированное преступление – выявленное и официально взятое на учет общественно-опасное деяние, за которое предусмотрена ответственность уголовным законодательством.

Преступления против личности – преступления, посягающие на жизнь, здоровье, свободу и достоинства личности.

Тяжкое преступление – умышленное деяние, представляющее повышенную общественную опасность, предусмотренное УК Республики Казахстан.

Экономическое преступление – уголовно-наказуемое деяние, совершенное в сфере производства, распределения и потребления товаров и услуг, в том числе связанное с незаконным использованием служебного статуса (хищения, совершенные путем присвоения, растраты, злоупотребле-

тару, қауіпсіздік талаптарына жауап бермейтін тауарлар шығару және сату, қызметтер көрсету) қылмыстық жазалауға жататын іс-әрекеттер.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы – 14 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер жасаған қылмыстар жиынтығы.

Қылмыс жасағандығы анықталған адамдар саны – ішкі істер органдары ресми түрде есепке алған, оларға қылмыстық іс ашылған адамдар.

Сотталғандар – сотта заңды күшіне енген айыптау үкімі шығарылған адамдар.

Сотталғандар құрамы – сотталғандардың жалпы құрамын жынысы, жасы, соттар тағайындаған жазалау шаралары, жасаған қылмыс түрлері бойынша бөлу.

ния служебным положением, обман потребителей, нарушение правил торговли, нарушение государственной дисциплины цен, уклонение от уплаты налогов, выпуск и продажа товаров, оказание услуг, не отвечающих требованиям безопасности и пр.).

Преступность несовершеннолетних – совокупность преступлений, совершенных подростками в возрасте от 14 до 18 лет.

Число выявленных лиц, совершивших преступления – официально взятые на учет органами внутренних дел лица, на которых заведены уголовные дела.

Осужденные – лица, в отношении которых судами вынесены обвинительные приговоры, вступившие в законную силу.

Состав осужденных – распределение общего числа осужденных по полу, возрасту, мерам наказания, назначенным судами, по видам совершенных преступлений.

Қоршаған орта Окружающая среда

Орман қорының алаңы – бұл орманы бар, сондай-ақ ормансыз, бірақ орман шаруашылығының мұқтаждарына арналған аумақ бөлігі. Орман қорына орман алаңы, яғни орман ағаштары өскен (екпе ағаштардың әр түрі өсірілген нақты орман алаңы) және орман ағаштары өсірілмеген, бірақ орман ағаштарын өсіруге арналған (өртең алқаптар, ағашы кесілген жерлер, бос қалған, алаңқай, ағашы сиреген жерлер, құраған екпе ағаш алаңдары) аумақтар кіреді. Сонымен қоса орман қоры құрамына ормансыз алаңдар: ауыл шаруашылығына арналған жерлер (егістіктер, шабындықтар, жайылымдар), ерекше мақсаттағы алаңдар (жолдар, орлар, үй-жайлар және басқалары), сондай-ақ

Площадь лесного фонда - это часть территории занятая лесом, а также не занятая им, но предназначенная для нужд лесного хозяйства. Лесной фонд включает лесную площадь, т.е. территорию, покрытую лесом (фактически занятую древесными породами, образующими насаждения) и не покрытую лесом, но предназначенную для лесовыращивания (гари, вырубки, пустоши, прогалины, редины, площади погибших насаждений). Кроме того, в состав лесного фонда включается не-лесная площадь: сельскохозяйственные угодья (пашни, сенокосы, пастбища), площади особого назначения (дороги, каналы, усадьбы и др.), а также площади болот, песков, оврагов, крутых склонов и другие территории.

батпақты, құмды, жыралы, құлама баурайлы және басқа да аумақтар енеді.

Орман шаруашылығын жүргізу – орманды өңдеу бөліктеріне және ағаш егу учаскелеріне бөрудің шекарасын, топтарын, қорғалу санаттарын (су қорғау, қорғаныш, санитарлық-гигиеналық және сауықтыру т.б.) анықтау, орман қорын (орман көлемі және ағаш сүрегінің қоры) түгендеу; орманды пайдаланудың жыл сайынғы мөлшерін анықтау (есептік ағаш кесу), орманды қалпына келтіру және басқа шаралар жүйесі.

Орманды аумақ – орман өскен алаңдардың бүкіл республика аумағына қатынасы.

Тамырындағы сүректің жалпы босалқы қоры – орман өскен алаңдардағы сүректердің саны.

Жас екпе ағаштарды құнды (жоғары өнімді) екпе ағаштар санатына **қосу** - құнды екпе ағаштар санатына жатқызылған орман алаңдарымен, есірілген орман ағаштары (отырғызылған және егілген) және жас ағаштармен, жүргізілген шаралар нәтижесінде орманды табиғи қалпына қайта келтірумен, құндылығы шамалы екпе ағаштарды қайта жаңарту және кесіп кетумен анықталады.

Орманды қалпына келтіру – кесілген, өртең жерлерде, бос қалған, алаңқай жерлерде және басқа да бұрын орман алаңы болған жерлерде орманды қалпына келтіру шараларын жүргізу. Орманды қалпына келтіруге ағаш отырғызу, орман егу және орманның табиғи қалпына келуіне жағдай жасау жатады.

Қорықтар – табиғат кешенін сақтау және зерттеу үшін шаруашылықта пайдаланудан алынған, географиялық аймақтар үшін бірегей немесе ерекше қажетті аумақ учаскелері. Қорықтардың мақсаты бағалы хайуанаттар мен өсімдіктерді қалпына келтіру.

Ұлттық парктер – табиғи және мәдени ландшафтардың қолайлы

Лесоустройство - система мероприятий, включающих определение границ деления леса на выделы и участки лесонасаждений, группы, категории защищенности (водоохранные, защитные, санитарно-гигиенические и оздоровительные и т.д.), инвентаризацию лесного фонда (площадь леса и запас древесины); определение размера ежегодного пользования лесом (расчетная лесосека), лесовосстановление и др.

Лесистость территории - отношение покрытой лесом площади ко всей территории республики.

Общий запас древесины на корню - количество древесины, имеющееся на покрытой лесом площади.

Ввод молодых насаждений в категорию ценных (высокопродуктивных) лесных насаждений определяется исходя из площади, отнесенной к категории ценных древесных насаждений, выращенных лесных культур (посадкой и посевом) и молодняков, в результате проведения мер содействия естественному лесовозобновлению, реконструкции малоценных насаждений и рубок ухода.

Лесовосстановление - проведение мероприятий по восстановлению лесов на вырубках, гарях, пустырях, прогалинах и иных бывших под лесом площадях. Лесовосстановление включает посадку, посев леса и содействие естественному возобновлению леса.

Заповедники - уникальные или наиболее типичные для географических зон участки территории, изъятые из хозяйственного пользования для сохранения и изучения природного комплекса. Целью заповедников служит восстановление ценных животных и растений.

Национальные парки - участки территории, образуемые для сохранения природных комплексов, имеющих особую экологическую, историческую и эстетическую ценность, в силу бла-

үйлесіміне орай экологиялық, тарихи және эстетикалық ерекше құндылығы бар табиғи кешендерді сақтау үшін құрылған аумақ учаскелері.

Атмосфералық ауаға зиянды заттар бөлетін тұрақты көздер деп пайдалану процесінде зиянды заттар бөлетін жылжымайтын технологиялық агрегат (қондырғы, құрылғы, аппарат және т.б.) аталады. Бұған басқа да объектілер (террикондар, резервуарлар және т.б.) жатады.

Ұсталған (зиянсыздандырылған) зиянды заттар санына стационар көздерден шығатын, олардың жалпы көлемінен шаңтұтқыш (газтазартқыш) қондырғыларда ұсталған ластаушы заттардың барлық түрлері енеді.

Ауа бассейніне түскен, стационарлық көздерден шыққан зиянды заттар құрамына шаң мен газдан тазартатын қондырғылардан өткен (ұсталуы мен тазартылуы толық болмауы нәтижесінде), сондай-ақ тазартылмаған (ұйымдасқан және ұйымдаспаған көздерден) ластағыш заттардың жалпы саны кіреді.

гоприятного сочетания естественных и культурных ландшафтов.

Стационарным источником выделения вредных веществ в атмосферу называется неподвижной технологический агрегат (установка, устройство, аппарат и т.п.), выделяющий в процессе эксплуатации вредные вещества. Сюда же относятся другие объекты (терриконы, резервуары и т.д.).

Количество уловленных (обезвреженных) вредных веществ включает все виды загрязнителей, уловленных (обезвреженных) на пылеулавливающих (газоочистных) установках из общего их объема, отходящего от стационарных источников.

В состав вредных веществ, выброшенных в атмосферу стационарными источниками, входит общее количество всех загрязнителей, поступивших в воздушный бассейн как после прохождения пылегазоочистных установок (в результате неполного улавливания и очистки), так и без очистки (от организованных и неорганизованных источников).

Тұрмыс деңгейі Уровень жизни

Халықтың табыстары мен шығыстары

Бөлімде үй шаруашылықтары табысының деңгейін сипаттайтын статистикалық деректер бар. Материалдар тоқсан сайын жүргізілетін 12 мың үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеу нәтижелері бойынша алынған.

Үй шаруашылығы статистикасында Дүниежүзілік Банктің тиісті халықаралық стандарттары мен ұсынымдарын пайдалана отырып іріктеп зерттеудің жаңа әдістеріне көшу жүзеге асырылды. Зерттеудің бағдарламасы бойынша халықтың әлауқатының деңгейін бағалау, кедейлік пен теңсіздік көрсеткіштерін есептеу

Доходы и расходы населения

В разделе содержатся статистические данные, характеризующие уровень доходов домашних хозяйств. Материалы получены по результатам ежеквартально проводимых выборочных обследований 12 тысяч домашних хозяйств.

Выборочное обследование домашних хозяйств осуществляется с использованием соответствующих международных стандартов и рекомендаций Всемирного Банка. В качестве основополагающего критерия для оценки уровня благосостояния населения, расчета показателей бедности и неравенства по программе обследования

үшін негіз қалаушы критерий ретінде тұтынуға жұмсалған табыстардың көрсеткіші тұжырымдамалық анықталды және қолданылып жүр.

Үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін біріктіретін (толық немесе ішінара) және тауарлар мен қызметтердің белгілі бір түрлерін, ең бастысы тұрғын үй мен тамақ өнімдерін бірлесіп тұтынатын адамдардың тобы. Үй шаруашылықтары бір адамнан тұруы да мүмкін.

Халықтың атаулы ақшалай табыстары – бұл халықтың ағымдағы тұтынуға, өндірістік қызметке және қор жинауға бағытталатын ақшалай қаражаты. Олардың шамасы макродеңгей негізінде есептеу әдісімен анықталады және халықтың жалдамалы және өз бетінше жұмыспен қамтылуынан түскен ақшалай табыстарын бағалау (жасырылған еңбек ақыны және статистикалық есептілікпен қамтылмаған жұмыспен қамтылған халықты жете есептеуге) және әлеуметтік трансферттерді төлеу қосылады.

Нақты ақшалай табыстар – тұтыну бағаларының өзгерістері есепке алынған ақшалай табыстар.

Еңбек қызметінен түскен табыстар – бұл жалдамалы және өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табыстар. Үй шаруашылықтары мен еңбек рыногын зерттеу әдіснамасына сәйкес, ауыл шаруашылығы өнімін сатудан түскен табыс еңбек қызметінен түскен табысқа қосылған (өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табыстың құрамдас бөлігі ретінде).

Үй шаруашылықтарының тұтынуға пайдаланылған табыстары - тұтынуға пайдаланылған ақшалай табыстарының сомасы (үй шаруашылықтарының қорлануға қалдырған ақшалай қаражаты мен өндірістік қызметке салынған күрделі

концептуально определен и применяется показатель доходов, использованных на потребление.

Домохозяйство (домашнее хозяйство) – группа лиц, проживающих совместно, объединяющих (полностью или частично) свои доходы и имущество и совместно потребляющих определенные виды товаров и услуг, к которым относятся, главным образом, жильё и продукты питания. Домашнее хозяйство может состоять из одного человека.

Номинальные денежные доходы населения – это денежные средства, направляемое населением на текущее потребление, производственную деятельность и накопление. Их величина определяется расчетным методом на макроуровне и включает оценку денежных доходов населения от наемной и самостоятельной занятости (с досчетом на сокрытие оплаты труда и неохват численности занятого населения статистической отчетностью) и выплаты социальных трансфертов.

Реальные денежные доходы - денежные доходы с учетом изменений потребительских цен.

Доходы от трудовой деятельности - это доходы от наемной и самостоятельной занятости. В соответствии с методологией обследований домашних хозяйств и рынка труда, доход от продажи сельскохозяйственной продукции включен в доход от трудовой деятельности (как составляющая часть дохода от самостоятельной занятости).

Доходы домашних хозяйств, использованные на потребление, представляют собой сумму денежных доходов, использованных на потребление (не включаются накопление денежных средств и капиталовложения в производственную деятельность домашних хозяйств), стоимости потребленной продукции собственного производства и трансфертов в натуральной фор-

қаржы жұмсалымы қосылмайды), меншікті өндірісінің өнімін тұтыну құны және заттай нысандағы трансферттер болып саналады. Меншікті өндірісінің өнімін тұтынудың құндық бағасы өңірдегі тауарларды сатып алудың орташа бағасымен есептеледі.

Халықтың ақшалай шығыстары – тұтыну шығыстары, салықтар, алымдар, төлемдер, тұтынуға байланысты емес өзге де шығыстардан құралады.

Халықтың тұтыну шығыстары – халықтың тұтыну тауарлары мен қызметін сатып алуға бағытталған ақшалай шығыстарының бөлігі. Бұған тамақ өнімдерін сатып алу, үйден тыс жерлерде тамақтануға жұмсалған шығыстар, алкогольдік ішімдіктер, темекі өнімдерін, азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтер сатып алу жатады.

Халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай табысының сатып алу қабілеттілігі – зерттелетін үй шаруашылықтарының орташа жан басына шаққандағы ақшалай табысының шамасына сатып алудың орташа бағалары бойынша сатып алуға болатын тауарлардың саны (әрқайсысы бөлек).

Тауарлар мен қызметтердің кейбір топтарының құрылымы мен атауындағы айырмашылықтар іріктеп зерттеулердің жаңа бағдарламасына етуге байланысты олардың сыныптамасындағы өзгерістермен түсіндіріледі.

Табыстарды бөлудің өркелкілігі

Табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен (азық-түлік қоржынының құнынан) де төмен халықтың үлесі (саны) - табысы белгіленген критерийден төмен үй шаруашылықтары мүшелерінің үлесін зерттелген халыққа пайызбен көрсетеді.

Кедейлік тереңдігі – зерттелетін үй шаруашылықтары мүшелері табыс (тұтыну) деңгейінің белгіленген критерийден төмен деңгейде болуы.

ме. Стоимостная оценка потребления продукции собственного производства рассчитывается по средним ценам покупки товаров в регионе.

Денежные расходы населения складываются из потребительских расходов, налогов, сборов, платежей и прочих статей, не связанных с потреблением.

Потребительские расходы населения – часть денежных расходов населения, направленная на приобретение потребительских товаров и услуг. Включают покупку продуктов питания, расходы на питание вне дома, покупку алкогольных напитков, табачных изделий, непродовольственных товаров и платных услуг.

Покупательная способность среднестатистического денежного дохода населения - количество товаров (каждого отдельно), которое можно было бы приобрести на величину среднестатистического денежного дохода обследуемых домашних хозяйств по средним ценам покупки.

Различия в структуре и наименовании некоторых групп товаров и услуг объясняется изменениями в их классификации, связанными с переходом на новую программу выборочных обследований.

Неравномерность распределения доходов

Доля (численность) населения с доходами ниже величины прожиточного минимума (стоимости продовольственной корзины) – показывает долю членов домохозяйств с доходами ниже установленного критерия, в процентах к обследованному населению.

Глубина бедности – показывает среднее отклонение уровня дохода (потребления) членов обследуемых домохозяйств от установленного критерия (величины прожиточного минимума или продовольственной корзины).

рийден (ең төменгі күнкөріс деңгейі немесе азық-түлік қоржыны шамасынан) орташа ауытқуын көрсетеді.

Кедейлік өткірлігі – кедейлік тереңдігінің толық сипаттамасын беру үшін қызмет етеді. Бұл белгіленген критерийден зерттелетін үй шаруашылықтары мүшелерінің табыс тапшылығы үлесінің ауытқу квадраттары ішіндегі орташасы. Ол кедейлер арасындағы теңсіздікті – кедейлердің табыстарын тарату дәрежесін олардың орташа мәнінен көрсетеді.

Халықтың квантильдік топтары – барлық халықты, басқа белгілеріне байланыссыз, сандық жағынан теңдей топтарға бөлуден құралады. Ең жиі қолданылатыны децильдік және квинтильдік бөлу – 10 және 20 пайыздық топтар.

Халықтың квантильдік топтары бойынша табыстарды шоғырландыру – халықтың ақшалай табысының жалпы көлеміндегі тиісті топтың үлесі ретінде анықталады.

Қорлар коэффициенті – бірінші және оныншы децильдік топтардағы бөлу қатары ішіндегі халықтың салыстырылатын топтарының орташа табыстары арасындағы ара салмағын өлшейді.

Халық арасында табысты бөлудің әркелкілігі коэффициенті (Лоренцтің табыстарды шоғырландыру коэффициенті немесе Джини индексі) – әркелкілік деңгейін санмен бағалау мүмкіндігін береді. Ол халықтың сан жағынан тең топтары бойынша олардың теңдей бөлу сызығынан бастап табыстардың нақты бөлінуінің ауытқу деңгейін белгілейді. Табыс теңдігінің статистикалық өлшемі 0-кезінде халықтың барлық топтарында табыстың кәміл теңдігін, 1-кезінде барлық табыс адамдардың бір ғана тобына жататын кәміл теңсіздікті көрсетіп, 0-ден 1-ге дейін ауытқиды.

Острота бедности служит для более полной характеристики глубины бедности. Это средняя из квадратов отклонений доли дефицитов дохода членов обследуемых домохозяйств от установленного критерия. Показывает неравенство среди бедных – степень разброса доходов бедных от их среднего значения.

Квантильные группы населения – образуются делением всего населения на численно равные части независимо от других признаков. Наиболее часто применяется децильное и квинтильное деление – 10-ти и 20-ти процентные группы.

Концентрация доходов по квантильным группам населения – определяется как доля соответствующей группы в общем объеме денежных доходов населения.

Коэффициент фондов – измеряет соотношение между средними доходами сравниваемых групп населения внутри ряда распределения в десятой и первой децильных группах.

Коэффициент неравномерности распределения доходов среди населения (коэффициент концентрации доходов Лоренца или индекс Джини) дает возможность численно оценить степень неравенства. Он устанавливает степень отклонения фактического распределения доходов по численно равным группам населения от линии их равномерного распределения. Статистическая мера равенства доходов колеблется от 0 до 1, означая при 0 - совершенное равенство доходов у всех групп населения, при 1-совершенное неравенство, когда весь доход принадлежит одной группе лиц.

Халықтың тұрғын үй жағдайы Жилищные условия населения

Бөлім тұрғын үй қоры және халықтың тұрғын үй жағдайы туралы деректерді қамтиды.

Тұрғын үй қоры - Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан барлық меншік нысанындағы тұрғын үйлер. Тұрғын үй қорының құрамында демалуға, маусымдық және уақытша тұруға арналған, азаматтардың онда тұру ұзақтығына қарамастан, жатақханалар, балалар үйі мен қарттар үйі, саябақтар, жазғы бақ үйлері, спорт және туристік базалар, мотельдер, санаторий, демалыс үйлері, пансионаттар, шеттен келгендерге арналған үйлер, қонақ үйлер, казармалар және басқа да құрылымдар мен жайлар ескерілмейді.

Мемлекеттік тұрғын үй қоры - меншік құқығында мемлекетке қарасты және жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы (мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қоры) не мемлекеттік кәсіпорын қарамағындағы (мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қоры) тұрғын үйлер.

Жеке тұрғын үй қоры – азаматтар мен заңды тұлғалардың меншік құқығын жататын, мемлекеттік емес меншікте салынған тұрғын үйлер.

Тұрғын алаң - тұрғын үйдегі тұрғын бөлмелердің (ұйықтайтын бөлменің, қонақ бөлменің, балалар бөлмесінің, үйдегі кабинеттің және сол сияқтылардың) шаршы метрмен есептелетін алаңдарының қосындысы.

Тұрғын емес алаң - тұрғын үйдегі ішкі қосалқы бөлмелердің (ас үйдің, ванна бөлмесінің, дәретхананың, кіреберістің, дәліздің, пәтер қоймасының және тағы басқаларының) шаршы метрмен есептелетін алаңдарының қосындысы.

Жалпы алаң - тұрғын үйдің тұрғын және тұрғын емес алаңдарының қосындысы.

Раздел содержит данные о жилищном фонде и жилищных условиях населения.

Жилищный фонд – находящиеся на территории Республики Казахстан жилища всех форм собственности. В составе жилищного фонда не учитываются общежития, детские дома и дома для престарелых, дачи, летние садовые домики, спортивные и туристические базы, мотели, санатории, дома отдыха, пансионаты, дома для приезжих, гостиницы, казармы, и другие строения и помещения, предназначенные для отдыха, сезонного и временного проживания, независимо от длительности проживания в них граждан.

Государственный жилищный фонд – жилища, принадлежащие на праве собственности государству и находящиеся в ведении местных исполнительных органов (государственный коммунальный жилищный фонд) либо в ведении государственного предприятия (жилищный фонд государственного предприятия).

Частный жилищный фонд – жилища, принадлежащие на праве собственности гражданам и юридическим лицам, основанным на негосударственной собственности.

Жилая площадь - сумма площадей жилых комнат (спальни, гостиной, детской, домашнего кабинета и тому подобное) в жилище, исчисляемая в квадратных метрах.

Не жилая площадь – сумма площадей внутренних подсобных помещений (кухни, ванной комнаты, туалета, прихожей, коридора, квартирной кладовой и тому подобное) в жилище, исчисляемая в квадратных метрах.

Общая площадь – сумма жилой и нежилой площадей жилища.

Обеспеченность населения жильем – определяется как отношение

Халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі – тұрғын жайлардағы жалпы ауданның (шаршы метрмен) онда тұратын адамдардың санына қатынасы ретінде анықталады.

Тұрғын үй қорын көркейту – тұрғын жайларды көркейтудің жекелеген түрлерімен: су құбырымен, көрізбен, жылумен, газбен, ыстық сумен, ванна бөлмелерімен және т.б. жабдықтау.

общей площади жилищ (в квадратных метрах) к численности лиц проживающих в них.

Благоустройство жилищного фонда - оборудование жилищ отдельными видами благоустройства: водопроводом, канализацией, отоплением, газом, горячим водоснабжением, ванными комнатами и т.п.

Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу Рынок труда и оплата труда

Экономикалық тұрғыдан белсенді және енжар халық

Экономикалық тұрғыдан белсенді халық (жұмыс күші) – тауарлар және қызмет көрсету өндірісі үшін жұмысшы күшін ұсынуды қамтамасыз ететін, экономикалық тұрғыдан белсенді халықты өлшеу үшін белгіленген жастағы халықтың бөлігі. Экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың санына экономикалық қызметтің барлық түрлерінде жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыздар кіреді.

Экономикалық тұрғыдан енжар (әрекетсіз) халық – халықтың экономикалық тұрғыдан белсенді ділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы, қаралып отырған кезең ішінде жұмыспен қамтылған немесе жұмыссыз болып табылмайтын адамдар.

Жұмыспен қамтылған (жұмыс істейтін) халық – жұмыспен қамтылуына қарай жалданып жұмыс істейтін немесе өз бетінше жұмыспен айналысатын қызметкерлерге жатқызылуы мүмкін тиісті жастағы барлық адамдар.

Жалдамалы (ақы төленетін) қызметкерлер – айлықақы, сыйлықақы, үстеме және т.б., немесе заттай нысанда ақы төлеу (сыйақы) көзделген жалдау шарты бойынша жұмыс істейтін адамдар.

Экономически активное и неактивное население

Экономически активное население (рабочая сила) – часть населения в возрасте установленном для измерения экономически активного населения, обеспечивающая предложение рабочей силы для производства товаров и услуг. Численность экономически активного населения включает занятых во всех видах экономической деятельности и безработных.

Экономически неактивное (пассивное) население – лица, в возрасте, установленном для измерения экономической активности населения, которые не являются занятыми или безработными в течение рассматриваемого периода.

Занятое (работающее) население - все лица в соответствующем возрасте, которые по своему состоянию в занятии могут быть отнесены к наемным или к самостоятельно занятым работникам.

Наемные (оплачиваемые) работники – лица, работающие по договору найма, предусматривающему оплату (вознаграждение) в виде оклада, премии, надбавок и т.п., либо в натуральной форме.

Самостоятельная занятость – это занятость, при которой размер вознаграждения напрямую зависит от

Өз бетінше жұмыспен айналысу – бұл сыйақы мөлшері тауар өндіру (өткізу) және қызмет көрсетуден (мұнда өзінің тұтынуы табыстың бір бөлігі ретінде қаралады) алынатын табысқа тікелей тәуелді болатын жұмыспен қамтылу.

Жұмыстағы алатын орны бойынша (жұмыспен қамтылудағы мәртебесі) халықаралық сыныптамаға сәйкес өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлердің мына топтары анықталды:

жұмыс берушілер – өзінің меншікті кәсіпорнын басқаратын немесе экономикалық қызметтің қандай да бір түрінде тәуелсіз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және бір немесе бірнеше жалдамалы қызметкерлері бар адамдар;

өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер - өз бетінше немесе бір не бірнеше әріптестерімен жұмыс істей отырып, өз бетінше жұмыспен қамтылу негізінде қызметпен айналысатын және тұрақты негізде қызметкерлер жалдамайтын адамдар;

отбасылық ақы төленбейтін қызметкерлер – туысқан адамы басқаратын кәсіпорында (шаруашылықта) әдетте сыйақысыз жұмыс істейтін адамдар;

өндірістік кооператив мүшелері – кәсіпкерлік қызметпен айналысатын еңбек кооперативінің мүшесі болып табылатын адамдар.

Жұмыссыздарға – халықтың экономикалық тұрғыдан белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы, қаралып отырған кезең ішінде бір мезгілде үш негізгі критерийге жауап беретін адамдар жатады: жұмыссыз болды (табысты жұмысы болмады), оны іздеумен белсенді айналысты, белгілі бір кезең ішінде жұмысқа кірісуге өзін дайындады.

Жұмыссыздық деңгейі – экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы жұмыссыздар санының пайызбен өлшенген үлесі.

дохода, получаемого от производства и реализации товаров и услуг (где собственное потребление рассматривается как часть дохода).

В соответствии с Международной классификацией по положению в занятости (статуса в занятости) определены следующие группы самостоятельно занятых работников:

работодатели – лица, управляющие своим собственным предприятием или занимающиеся независимой предпринимательской деятельностью в каком-либо виде экономической деятельности и имеющие одного или нескольких наемных работников;

самостоятельные работники – лица, которые, работая самостоятельно или с одним или несколькими партнерами, занимаются деятельностью на основе самостоятельной занятости и не нанимают на постоянной основе работников;

неоплачиваемые семейные работники – лица, как правило, работающие без вознаграждения на предприятии (в хозяйстве), управляемом родственником;

члены производственного кооператива – лица, являющиеся членами трудового кооператива, занимающегося предпринимательской деятельностью.

К безработным относятся лица в возрасте, установленном для измерения экономической активности населения, которые в рассматриваемый период отвечали одновременно трем основным критериям: были без работы (не имели доходного занятия), занимались активно ее поиском, были готовы приступить к работе в течение определенного периода времени.

Уровень безработицы – доля численности безработных в численности экономически активного населения, измеренная в процентах.

Доля зарегистрированных безработных в численности экономически активного населения - опреде-

Экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың санындағы тіркелген жұмыссыздардың үлесі - жұмыспен қамту органдарында тіркелген жұмыссыздардың санын экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың санына бөлумен анықталады.

Жұмыспен қамтудың уәкілетті органдарына жұмысқа орналасу мәселелері бойынша барған азаматтар саны - әр түрлі себептермен басқа немесе қосымша жұмыс іздеп жүрген жұмыспен қамтылған адамдарды қоса, жұмыспен қамтудың уәкілетті органдарына жұмысқа орналасу мәселелері бойынша барған азаматтардың жалпы санын сипаттайды.

Жұмысқа орналастырылған азаматтардың саны – жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органдардың жәрдемдесуімен жұмысқа орналасқандар саны.

Еңбекақы төлеу

Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы есептелген жалақы қорының сомасын қызметкерлердің нақты санына және есепті кезеңдегі айлар санына бөлу жолымен анықталады.

Жалақы қоры – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және оларды қаржыландыру көзі мен нақты төленген мерзіміне байланысыз, салықтар мен басқа да ұстауларды (табыс салығы, міндетті зейнетақы жарналары) есепке ала отырып, қызметкерлер еңбегіне ақшалай және заттай нысанда ақы төлеу үшін ұйымның есептелген жиынтық ақша қаражаты (лауазымдық айлықақылар (тарифтік ставкалар), қосымша төлемдер, үстемеақылар, сыйлықтар мен өзге де ынталандыру және өтемдік сипаттағы төлемдер).

Атаулы жалақының индексі – жалақының базистік кезеңмен салыстырғандағы есепті кезеңдегі өзгерісін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

ел ішінде пайдалануға арналған тауарлар импорты; шетелдік тауарларды мемлекеттің кедендік аумағында және кедендік бақылауда қайта өңдеу үшін әкелу; тауарларды мемлекеттің кедендік аумағынан тыс қайта өңдеуден кейінгі әкелу; кері экспортқа арналған тауарларды әкелу; кері импорт; еркін кеден аймағы мен еркін қоймалар аумағына импорт; бажсыз сауда дүкендерінен тауарлар импорты, жалға алу мерзімі бір жыл және одан да көп тауарларды уақытша әкелу.

Есепке алынбайтындар: мемлекет аумағы арқылы транзит; бір жылдан аз мерзімге уақытша әкеліп-әкету; жойылатын тауарлар; тауарларды әкету кезінде мемлекет пайдасы үшін бас тарту; кеден қоймасына немесе еркін аймаққа орналастырылған және мемлекет аумағынан тысқары әкетуге арналған тауарлар; кеден қоймасы мен еркін аймақ аумағынан мемлекет аумағына әкетілетін тауарлар.

Сыртқы сауда ағынының **географиялық бөлінуі** мына тәсімде жүргізіледі:

- тауарлар экспорты – тауардың жеткізілетін (тұтынатын) елі бойынша;
- тауарлар импорты – тауардың шығарылған елі бойынша.

Экспорт тауарларының **құндық есебі** FOB немесе FOB бағаларында (тауарды сату шарты, ол бойынша тауар бағасына оның құны және тауарды кеме бортына немесе экспортшы елдің шекарасына дейін жеткізу мен тиеу шығыстары қосылады); импорт тауарлары - CIF немесе CIF бағаларында (тауарды сату шарты, ол бойынша тауар бағасына оның құны, тауарды сақтандыру және портқа немесе импортшы елдің шекарасына дейін тасу шығыстары қосылады) шығарылады.

реимпорт; импорт на территорию свободных таможенных зон и свободных складов, импорт товаров из магазинов беспошлинной торговли, временный ввоз товаров со сроком аренды на год и более.

Не учитываются: транзит через территорию государства; временный ввоз-вывоз на срок менее года; уничтожаемые товары; отказ в пользу государства при вывозе товаров; товары, помещаемые на таможенный склад или в свободную зону и предназначенный для вывоза за пределы территории государства; товары, вывозимые с территории таможенного склада и свободной зоны на территорию государства.

Географическое распределение внешнеторгового потока производится по такой схеме:

- экспорт товаров - по стране назначения (потребления) товара;
- импорт товаров - по стране происхождения товара.

Стоимостной учет экспортных товаров производится в ценах FOB или CIF (условие продажи товара, по которому в цену товара включается его стоимость и расходы по доставке и погрузке товара на борт судна или до границы страны-экспортера); импортных товаров - в ценах CIF или CIF (условие продажи товара, согласно которому в цену товара включается его стоимость, расходы по страхованию и транспортировке товара до порта или границы страны-импортера).

Бизнес-тіркелімі Бизнес-регистр

Бөлімде мемлекеттік статистикалық тіркелім негізінде алынған қазақстан республикасының заңды тұлғалары туралы деректер келтіріледі. Заңды тұлғалар қызметкерлердің тізімдік санына байланысты:

Шағын (50 адамға дейін);
Орта (51-ден 250 адамға дейін);
Ірі (250 адамнан астам) деп, олардың мөлшерлілігі бойынша сыныпталыды.

В разделе приводятся данные о юридических лицах республики казахстан, полученные на основании государственного статистического регистра. Юридические лица классифицируются по их размерности, в зависимости от списочной численности работников:

Малые (до 50 человек);
Средние (от 51 до 250 человек);
Крупные (свыше 250 человек).

Нақты экономиканың секторы Реальный сектор экономики

Ауыл шаруашылығы Сельское хозяйство

Ауыл шаруашылығы кәсіпорны – негізгі қызмет түрі ауыл шаруашылық саласы болып табылатын заңды тұлға. Жергілікті бірлік – негізгі қызмет түрі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру болып табылатын, заңды тұлғалардың қосалқы шаруашылық түріндегі бөлімшесі.

Шаруа (фермер) қожалығы – жеке кәсіпкерліктің жүзеге асырылуы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдаланумен, сондай-ақ осы өнімді өңдеумен және өткізумен үздіксіз байланысты адамдардың отбасылық-еңбек бірлестігі.

Жұртшылық шаруашылығына халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары, ұжымдық бақтар мен бақшалар, саяжай учаскелері жатады.

Жеке қосалқы шаруашылықтарға жер ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін пайдалануға, иеленуге және меншікке беріледі.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы саласында өндірілген

Сельскохозяйственное предприятие – юридическое лицо с основным видом деятельности в сфере сельского хозяйства. Местные единицы – подразделения юридических лиц в форме подсобных хозяйств, основным видом деятельности которых является производство сельскохозяйственной продукции.

Крестьянское (фермерское) хозяйство – семейно-трудовое объединение лиц, в котором осуществление индивидуального предпринимательства неразрывно связано с использованием земель сельскохозяйственного назначения для производства сельскохозяйственной продукции, а также с переработкой и сбытом этой продукции.

К хозяйствам населения относятся личные подсобные хозяйства населения, коллективные сады и огороды, дачные участки.

Личным подсобным хозяйствам земля предоставляется в пользование, владение и собственность для производства продукции сельского хозяйства.

өнімдер мен көрсетілген қызметтердің күнтізбелік жыл ішінде өткізудің нақты орташа салмақталған бағаларындағы ақшалай шағылуы.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты көлемінің индексін есептеу үшін оның көлемінің салыстырмалы бағалардағы көрсеткіші қолданылады.

Өсімдік шаруашылығының өніміне осы жылғы егіннен алынған өнімдер құны, жас көп жылдық екпе ағаштарды өсіру құны және жыл басынан аяғына дейін аяқталмаған өндіріс құнының өзгеруі кіреді.

Мал шаруашылығының өніміне мал, құс және басқа жануарларды өсіру, сүт, жүн, жұмыртқа, бал және басқаларын өндіру құны кіреді.

Жалпы жер көлемі – мемлекеттік шекара ішіндегі ішкі сулармен бірге құрылық бетінің көлемі.

Ауыл шаруашылығы жерлері – ауыл шаруашылығы өнімдерін алу үшін пайдаланылатын жер учаскелері. Оның құрамына егістік жерлер, тұрақты дақылдар егілетін жерлер, шабындықтар мен жайылымдар кіреді.

Егістік жерлер – ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге пайдаланылатын, жүйелі өңделіп отыратын пайдалы жерлер, оған көпжылдық шөптерді егетін жерлер мен таза сүрі жерлер де кіреді

Шабындықтар – шөп шабу үшін жүйелі пайдаланылатын жер учаскелері.

Жайылымдар – мал жаю үшін жүйелі түрде пайдаланылатын (осындай пайдалану негізгі болып табылатын) ауыл шаруашылық алқаптары, сондай-ақ шабындыққа пайдаланылмайтын және тыңайған жерлерге жатпайтын, мал жаюға жарамды жер учаскелері.

Егістік жерлер (көктемгі өнімді аудан) – бұл ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жердің ауданы. Оның құрамына, қысқы солғандарын есептен шығарып

Валовая продукция сельского хозяйства представляет денежное выражение произведенной продукции и услуг в области растениеводства и животноводства по фактическим средневзвешанным ценам реализации за календарный год.

Для исчисления индекса физического объема продукции сельского хозяйства используется показатель ее объема в сопоставимых ценах.

Продукция растениеводства включает стоимость продуктов, полученных из урожая данного года, стоимости выращивания молодых многолетних насаждений и изменение стоимости незавершенного производства от начала к концу года.

Продукция животноводства включает стоимость выращивания скота, птицы и других животных, производства молока, шерсти, яиц, меда и др.

Общая земельная площадь – площадь поверхности суши вместе с внутренними водами, находящаяся внутри государственной границы.

Сельскохозяйственные угодья – земельные участки, используемые для получения сельскохозяйственной продукции. В их состав входят пахотные земли, земли под многолетними культурами, сенокосы и пастбища.

Пашня - это систематически обрабатываемые угодья, используемые под посевы сельскохозяйственных культур, включая посевы многолетних трав и чистые пары.

Сенокосы – сельскохозяйственные угодья, систематически используемые для сенокосения.

Пастбища – сельскохозяйственные угодья, систематически используемые для выпаса животных (такое использование является основным), а также земельные участки, пригодные для пастбы скота, не используемые под сенокос и не являющиеся залежью.

Посевная площадь (весенняя продуктивная площадь) – это площадь

тастағандағы өткен жылғы егілген күздіктер, дербес ауданға, соның ішінде солған күздіктердің орнына қайта себілгендерді қоса, ағымдағы жылы егілген жаздық дақылдар және берілген жылы егілген көпжылдық шөптер (бүркемесіз), бұрынғы жылдары егілген көпжылдық шөптердің биыл жиналатын ауданы, яғни көктемге сақталған шабындық ауданы кіреді.

Жалпы түсім – бұл бір шаруашылықтың немесе қандайда бір аумақтық бөлімшенің шегіндегі әртүрлі ауыл шаруашылық дақылдарының барлық егістігінен, ауыл шаруашылығы екпелерінен немесе басқа ауыл шаруашылығы жерлерінен өндірілген (жиналған) өнім. Дөңді дақылдардың, күнбағыстың, қант қызылшасының (фабрикалық) жалпы түсімі жетілдіруден кейінгі (тазалау, кептіру) салмақ бойынша, басқа дақылдардың – алғашқы кіріске алынған нақты салмағы бойынша көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі – жер бірлігінен ауыл шаруашылығы өнімінің орташа жиналымын сипаттайтын көрсеткіш, ереже ретінде, 1 гектардан жиналған центнермен есептеледі.

1 қаңтардағы жағдай бойынша мал саны жыл сайынғы есеп (санақ) негізінде белгіленеді және малдың сәйкес түрінің барлық жыныстық-жастық топтарының саны кіреді.

Мал мен құс өткізу бойынша (ет өндіру) мемлекетке, тұтынушылар кооперацияларына, базарға, меншікті сауда желісі мен қоғамдық тамақтану кәсіпорындары арқылы соғға сату және баспа – бас айырбас операциялары бойынша айырбастау және басқалары көрсетіледі.

Сүт өндіру нақты сауылған сиыр, қой, ешкі, түйе, жылқы сүтімен сипатталады, ол өткізілді ме немесе бір бөлігі шаруашылықта бұзаулар мен торайларды суаруға тұтынылды ма,

пашни, засеянная сельскохозяйственными культурами. В ее состав входят: озимые посевы прошлого года за вычетом зимней гибели; яровые, посеянные в текущем году на самостоятельной площади, включая пересев озимых и многолетние травы посева данного года (беспокровные); многолетние травы посева прошлых лет на площади, которая будет убираться в текущем году, т.е. укосная площадь, сохранившаяся к весне.

Валовой сбор - это продукция, произведенная (собранная) со всей площади посева различных сельскохозяйственных культур, сельскохозяйственных насаждений или других сельскохозяйственных угодий, находящихся в пределах одного хозяйства или какого-либо территориального подразделения. Валовой сбор зерновых культур, подсолнечника, сахарной свеклы (фабричной) устанавливается в весе после доработки (очистки, сушки), по остальным культурам – в первоначально-оприходованной физической массе.

Урожайность сельскохозяйственных культур – показатель, характеризующий средний сбор сельскохозяйственной продукции с единицы площади; исчисляется, как правило, в центнерах с 1 гектара убранной площади.

Поголовье скота по состоянию на 1 января устанавливается на основе ежегодных учетов (переписей) и включает поголовье всех половозрастных групп соответствующего вида скота.

По реализации скота и птицы (производство мяса) приводится продажа на убой всех видов скота и птицы государству, потребкооперации, на рынке, через собственную торговую сеть и предприятия общественного питания, обмен по бартерным операциям и др.

Производство молока характеризуется фактически надоемным коровым, овечьим, козым, верблюжьим, кобыльим молоком, независимо от

оған қарамайды. Емізіп асырау кезінде бұзаулар сорған сүт өнімге кірмейді және бір сиырдан сауылатын сүт мөлшерін анықтағанда есепке алынбайды.

Бір сиырдан **сауылған орташа жылдық сүт мөлшері** жыл басындағы және әрбір есепті кезеңнің басындағы орташа сиыр санына есептеліп келтіріледі. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында бір сиырдан сауылған сүт мөлшерін анықтағанда жалпы сиыр санынан бордақылауда тұрған сиырлар, еттік табындағы сиырлар және бұзауларды топтап емізіп бағу үшін бөлінген сиырлар есептен шығарылады.

Жүн өндіру, оның сатылғаны немесе шаруашылықтың ішкі қажеттілігіне жұмсалғанына байланыссыз, қой, ешкі және түйенің нақты қырқылған жүнін түгел есептейді. Қой терісін былғарыға өнеркәсіптік өңдеу кезінде алынған жүн («қышқыл жүн» деп аталатын) өнімге енгізілмейді. Жүннің тура қыркудан кейінгі табиғи салмағы көрсетіледі.

Жұмыртқа өндіру, құстар санын ұдайы өсіруге (инкубацияға, басқаға) жұмсалған жұмыртқа санын қоса, олардың бір жылда үй құстарының барлық түрлерінен жиналғанын есептейді.

Балық өсіру – балық өсіру, балық мелиорация жұмыстары; устрицаның, лангустың, креветканың және балықтардың шабақтарын өндіру; балдырлар мен басқа да жеуге жарамды теңіз өсімдіктерін өсіру; теңіз және тұщы су (тоған, көл және басқа) балық шаруашылықтарының қызметі; балық питомниктері мен балық фермаларының қызметімен байланысты қызметтер.

Балық аулау – бұл балық шаруашылығына қатысты су объектілерінен өндірілген (ауланған) су биоқорлары.

того, было ли оно реализовано или часть его потреблена в хозяйстве на выпойку телят и поросят. Молоко, высосанное телятами при подсосном их содержании, в продукцию не включается и не учитывается при расчете продуктивности коров.

Средний годовой удой молока - на одну корову приводится в расчете на среднее поголовье коров на начало года и начало каждого отчетного периода. В сельскохозяйственных предприятиях при определении удоя молока от одной коровы из общего поголовья коров, имеющих в хозяйстве, исключаются коровы, находящиеся на откорме, коровы мясного стада и выделенные для группового подсосного содержания телят.

Производство шерсти включает всю фактически настриженную овечью, козью, верблюжью шерсть и козий пух, независимо от того, была ли она реализована или использована на внутрихозяйственные нужды. Шерсть, полученная с овчин при промышленной переработке их на кожу (так называемая «кислая шерсть») в продукцию не включается. Вес шерсти показывается физический, непосредственно после стрижки овец.

Производство яиц включает их сбор за год от всех видов домашней птицы, включая яйца, использованные на воспроизводство птицы (инкубация и др.).

Рыбоводство – рыборазведение, рыбомелиоративные работы; производство молоди устриц, лангустов, креветок и рыбной молоди; выращивание водорослей и др. съедобных морских растений; деятельность рыбохозяйств морских и пресноводных (прудовых, озерных и др.); услуги, связанные с деятельностью рыбопитомников и рыбных ферм.

Улов рыбы – это водные биоресурсы, добытые (выловленные) из водных объектов рыбохозяйственного значения.

Өнеркәсіп Промышленность

Өнеркәсіп кәсіпорындары қатарына – ірі, орташа, шағын өнеркәсіп орындары және өнеркәсіп қызметін жүзеге асыратын, әрі өнеркәсіптік емес ұйымдардың және де ауыл шаруашылығы құрылымдарының балансына жататын кәсіпорындар кіреді.

Өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлемінің индексі – салыстырмалы кезеңдерде өнеркәсіп өнімдері көлемінің өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш. Өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлемі жеке және жиынтық индекстер болып бөлінеді. Нақты көлем индексі анықтау үшін, жалпы шығарылымға жүгіне отырып, тауарлардың тұрақты белгіленген жиынтығы бойынша өнеркәсіп өнімдерінің заттай көріністегі көрсеткіштерінің серпініне негізделген әдіс пайдаланылады. Өнеркәсіп өнімдерін өндірудің жиынтық индексі есептеу үшін өнеркәсіп өнімінің нақты түрі бойынша жеке индекстерді өнеркәсіп салалары және тұтастай өнеркәсіп бойынша индекстерді кезең-кезеңімен біріктіреді. Салыстырмалы баға ретінде өткен жылғы жылдық орташа бағалар қолданылады. Нақты көлем индексі есептеген кезде қосылған құн салығы мен акциздер алынып тасталған бағалар пайдаланылады.

Өнеркәсіп бойынша өнімдердің көлемі – тұтастай және олардың жеке-леге қызмет түрлері бойынша, меншік нысанына қарамастан, заңды тұлғалар мен оқшауланған бөлімшелер өндірген өнеркәсіп өнімдерінің, өнеркәсіптік сипаттағы жұмыс пен қызметтің көлемі туралы деректер жиынтық ретінде құндық көріністе анықталады. Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі, қосылған құн салығы мен акцизсіз ағымдағы жылы қолданыста

В число промышленных предприятий включены крупные, средние, малые промышленные предприятия и предприятия, осуществляющие промышленную деятельность и находящиеся на балансе непромышленных организаций и сельскохозяйственных формирований.

Индекс физического объема промышленной продукции - относительный показатель, характеризующий изменение объема промышленной продукции в сравниваемых периодах. Рассчитываются индивидуальные и сводные индексы физического объема промышленной продукции. Для определения индекса физического объема используется метод, основанный на динамике показателей промышленной продукции в натуральном выражении, исходя из валового выпуска, по твердо установленному набору товаров. Для исчисления сводного индекса производства промышленной продукции индивидуальные индексы по конкретным видам промышленной продукции поэтапно агрегируются в индексы по отраслям промышленности и промышленности в целом. В качестве сопоставимых цен принимаются среднегодовые цены предыдущего года. При расчете индекса физического объема используются цены, исключая налог на добавленную стоимость и акцизы.

Объем продукции по промышленности в целом и по отдельным ее видам деятельности определяется в стоимостном выражении как сумма данных об объеме промышленной продукции, товаров и услуг промышленного характера, произведенных юридическими лицами и их обособленными подразделениями независимо от формы собственности. Объем промышленной продукции определяется в фактически отпускных ценах предприятий, действующих в текущем году

болған кәсіпорындардың нақты босату бағасымен анықталады.

Өнеркәсіп өнімдерінің құндық көріністегі көлемі бойынша жиынтық деректерге ірі, орташа және шағын кәсіпорындар, өнеркәсіптік емес ұйымдар (ауыл шаруашылығы, сауда, құрылыс т.с.с.) жанындағы өнеркәсіптік бөлімшелер, дербес кәсіпкерлер шығаратын өнеркәсіп өнімдері (тауарлар, қызметтер), сондай-ақ үй шаруашылығы секторында өндірілген өнім көлемі енгізіледі. Өнеркәсіп орындарындағы өнім көлемі, зауыт ішіндегі айналым құнынсыз, зауыттық өдіс бойынша анықталады. Кәсіпорынның зауыт ішіндегі айналымы болып саналатыны – сол кәсіпорынның ішінде өнеркәсіптік-өндірістің жеке мұқтажына пайдалануға жасалған дайын бұйымдар мен жартылай дайын өнімдер бөлігінің құны.

Заттай көріністегі өнеркәсіп өнімдерін өндіру жалпы шығарылым бойынша, яғни кәсіпорынның ішкі өнеркәсіптік-өндірістік мұқтаждарына жұмсалған және өңделме шикізаттан шығарылған өнімдерді қоса есептеледі. Алыс-беріс шикізаты – бұл тапсырыс берушінің иелігіндегі және жасалған шартқа сәйкес одан өнім өндіру үшін басқа кәсіпорынға өнеркәсіптік өңдеуге берілетін шикізат.

без налога на добавленную стоимость и акциза.

В сводные данные по объему промышленной продукции в стоимостном выражении включаются данные по объему промышленной продукции (товаров, услуг), выпускаемой крупными, средними и малыми предприятиями, промышленными подразделениями при непромышленных организациях (сельскохозяйственных, торговых, строительных и т. д.), а также объем продукции, произведенный в секторе домашних хозяйств. Объем продукции промышленного предприятия определяется по заводскому методу без стоимости внутризаводского оборота. Внутризаводским оборотом предприятия считается стоимость той части выработанных им готовых изделий и полуфабрикатов, которая используется внутри данного предприятия на собственные промышленно-производственные нужды.

Производство промышленной продукции в натуральном выражении приводится по валовому выпуску, включая продукцию, израсходованную на промышленно-производственные нужды внутри данного предприятия и выработанную из давальческого сырья. Давальческое сырье - это сырье, принадлежащее заказчику и переданное на промышленную переработку другим предприятиям для производства из него продукции в соответствии с заключенными договорами.

Құрылыс Строительство

Құрылыс қызметі – жаңа объектілер салу және (немесе) бар объектілерді өзгерту (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, қайта құру, қалпына келтіру, күрделі жөндеу), солармен байланысты технологиялық және инженерлік жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстарды жүзеге асыру жолымен өндірістік және өндірістік

Строительная деятельность - деятельность по созданию основных фондов производственного и непроизводственного назначения путем возведения новых и (или) изменения (расширения, модернизации, технического перевооружения, реконструкции, реставрации, капитального ремонта) существующих объектов (зданий, сооружений и их комплексов, коммуника-

емес негізгі құрал-жабдықтарды жасау бойынша қызмет.

Құрылыс мекемелеріне жалпы-құрылыстық және мамандандырылған, жөндеу-құрылыс ұйымдарын қоса есептегендегі барлық ұйымдар жатады. Құрылыс ұйымдарының негізгі қызметі тапсырыс берушімен мердігерлік келісім шарт бойынша орындаған, мемлекеттік «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауыштарына (ЭҚЖС)» сәйкес қызмет түрі «Құрылыс» болып табылатын жұмыстар жатады.

Құрылыс жұмыстарының көлемі – құрылыс ұйымдарының үйлер мен ғимараттарды салу, жаңғырту, кеңейту, күрделі және ағымдағы жөндеу, құрал-жабдықтарды монтаждау бойынша орындалған жұмыстар құны.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру – құрылысы аяқталған жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлер, жатақханалар, әлеуметтік топтарға арналған тұрғын үйлерді (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар, балалар үйлері, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлер, тұрақты мекен-жайы жоқ адамдарды бейімдеу орталықтары) белгіленген тәртіпте пайдалануға беру жатады.

Тұрғын үйдің жалпы ауданы – сыртқы қабырғалардың ішкі жақтары шегінде өлшенген үйлер қабаттары алаңының сомасы. Қабат алаңына балкондар, лоджиялар, террас пен верандалар, баспалдақ алаңы мен басқыштар олардың алаңын қабат деңгейінде есепке ала отырып кіреді. Қабат алаңына лифтік және басқа да шахталарға арналған алаңдар кірмейді.

ций), монтажа (демонтажа), связанного с ними технологического и инженерного оборудования.

К строительным организациям относятся все общестроительные и специализированные организации, включая ремонтно-строительные организации. Основная деятельность строительных организаций состоит в выполнении по договорам подряда с заказчиками работ, относящихся в соответствии с государственным «Общим классификатором видов экономической деятельности (ОКЭД)» к виду деятельности «Строительство».

Объем строительных работ – стоимость выполненных строительными организациями работ по возведению, реконструкцию, расширению, капитальному и текущему ремонту зданий, сооружений, работы по монтажу оборудования.

Ввод в эксплуатацию жилых зданий – включает ввод в действие в установленном порядке законченных строительством индивидуальных и многоквартирных жилых домов, общежитий, жилых зданий для социальных групп (школ-интернатов для детей сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, детских домов, домов-интернатов для престарелых и инвалидов, центров адаптации лиц без определенного места жительства).

Общая площадь жилого здания определяется как сумма площадей этажей здания, измеренных в пределах внутренних поверхностей наружных стен. В площадь этажа включаются площади балконов, лоджий, террас и веранд, лестничных площадок и ступеней с учетом их площадей в уровне данного этажа. В площадь этажа не включаются площади проемов для лифтовых и других шахт.

Сауда Торговля

Бөлімде бөлшек және көтерме сауда тауар айналымының көлемін сипаттайтын статистикалық деректер келтірілген.

Бөлшек сауда – халыққа жеке тұтыну және үйге пайдалану немесе кәдеге жарату үшін жаңа және бұрын пайдаланылған тауарларды қайта сату (өңдемей сату).

Базарларда сауда жасайтын жеке тұлғалармен және сауда қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлермен тауарларды сату көлемі Қазақстан Республикасының барлық аумағында жүргізілетін статистикалық іріктеп зерттеу негізінде анықталады.

Көтерме сауда – жаңа және бұрын пайдаланылған тауарларды бөлшек сауда сатушыларға, өнеркәсіп, коммерциялық, институционалдық, кәсіби пайдаланушыларға немесе басқа да көтерме сауда сатушыларына, сондай-ақ осы тұлғалар мен компаниялар атынан сатып алатын агенттер мен маклерлерге қайта сату (өңдемей сату).

Қоғамдық тамақтандыру – азық-түлік тағамдарын өндірумен, қайта өңдеумен, өткізу және тұтынуды ұйымдастырумен байланысты кәсіпкерлік қызметі.

В разделе представлены статистические данные, характеризующие объем розничного и оптового товарооборота.

Розничная торговля – перепродажа (продажа без переработки) новых и бывших в употреблении товаров населению для личного потребления, домашнего использования или утилизации.

Объем продажи товаров физическими лицами, торгующими на рынках и индивидуальными предпринимателями, осуществляющими торговую деятельность определяется на основе выборочного статистического наблюдения, которое проводится на всей территории Республики Казахстан.

Оптовая торговля – перепродажа (продажа без переработки) новых и бывших в употреблении товаров розничным торговцам, промышленным, коммерческим, институциональным или профессиональным пользователям или же другим оптовым торговцам, а также лицам, исполняющим обязанности агентов или маклеров при покупке товаров от имени таких лиц или компаний, или продаже им товаров.

Общественное питание – предпринимательская деятельность, связанная с производством, переработкой, реализацией и организацией потребления продуктов питания.

Туризм Туризм

Туризм – демалу мақсатында, іскерлік және өзге мақсаттарда қатарынан бір жылдан аспайтын кезең ішінде саяхаттайтын және әдеттегі ортасынан тыс жерде орналасқан орындарда болуды жүзеге асыратын адамдар қызметі.

Туризм - деятельность лиц, которые путешествуют и осуществляют пребывание в местах, находящихся за пределами их обычной среды, в течение периода, не превышающего одного года подряд, с целью отдыха, деловыми и прочими целями.

Көлік Транспорт

Бөлімде көлік пен байланыс қызметі туралы деректер берілген.

Қазақстан Республикасының көлігі – сол аумақта тіркелген темір жол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе, қалалық электр, соның ішінде метрополитен, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы магистралдық құбыр көлігі.

Тасымалданған жүктер (жүктерді тасымалдау көлемі) - көлікпен тасымалданған жүктердің саны тоннамен. Көлік, қатынас, жүк түрлері бойынша ескеріледі.

Тасымалданған жолаушылар - белгілі бір уақыт кезеңінде тасымалданған жолаушылар саны. Көлік, қатынас түрлері бойынша ескеріледі. Жолаушыларды тасымалдау статистикасының бірлігі жолаушы-сапары болып саналады.

Көліктің жүк айналымы - жүктерді тасымалдау бойынша көлік жұмыстарының көлемі тонна-километрмен көрсетіледі. Әрбір партияның (жөнелтімнің) туынды салмағының тасылған жүктің тасу ара қашықтығына жиынтығы ретінде анықталады.

Көліктің жолаушылар айналымы - жолаушыларды тасымалдау бойынша жұмыс көлемі. Өлшем бірлігі жолаушы-километр, яғни жолаушының 1 км қашықтықта орын ауыстыруы болып саналады. Тасымалдаудың әрбір позициясы бойынша жолаушылар санын тасымалдау қашықтығына көбейту арқылы жиынтықтап анықтайды; көлік түрлері, тасымалдау қатынасы, басқа да белгілері бойынша бөлек есептеп шығарылады.

Жүк, жолаушылар тасымалы көлеміне (жүк айналымы, жолаушылар айналымы) қызметінің негізгі түрі «көлік» кәсіпорындарының деректері, сондай-ақ көліктік емес кәсіпорындардың және коммерциялық тасы-

В разделе представлены данные о работе транспорта и связи.

Транспорт Республики Казахстан – это зарегистрированный на ее территории железнодорожный, автомобильный, морской, внутренний водный, воздушный, городской электрический, в том числе метрополитен, а также находящийся на территории Республики Казахстан магистральный трубопроводный транспорт.

Перевезено грузов (объем перевозок грузов) - количество грузов в тоннах, перевезенных транспортом. Учитывается по видам транспорта, сообщений, роду грузов.

Перевезено пассажиров - число пассажиров, перевезенных за определенный период времени. Учитывается по видам транспорта, сообщений. Единицей наблюдения в статистике перевозок пассажиров является пассажиро-поездка.

Грузооборот транспорта – объем работы транспорта по перевозкам грузов, выражается в тонно-километрах. Определяется как сумма произведенный веса каждой партии (отправки) перевозимого груза на расстояние ее перевозки.

Пассажирооборот транспорта - объем работы транспорта по перевозкам пассажиров. Единицей измерения является пассажиро-километр, т.е. перемещение пассажира на расстояние в 1 км. Определяется суммированием произведений количества пассажиров по каждой позиции перевозки на расстояние перевозки; вычисляется раздельно по видам транспорта, сообщениям перевозок, другим признакам.

В объем перевозок грузов, пассажиров (грузооборота, пассажирооборота) включены данные предприятий с основным видом деятельности “транспорт”, а также оценка объемов грузо- и

малмен айналысатын кәсіпкерлердің орындаған жүк және жолаушылар тасымалы көлемін бағалау да енгізілген.

Қатынас жолдары торабының ұзындығы - көлік қатынасы жолдары учаскелерінің километрмен алынған ұзындығының жиынтығы. Торапты құрайтын жекелеген учаскелердің жиынтығы бойынша есеп беретін күні анықталады.

Қатынас жолдары торабының жиілігі - елдің немесе өңірдің аумағындағы көлем бірлігіне келетін (әдетте 1000 км²), километрмен алғандағы жол қатынасының ұзындығы.

Тасымалдаудан түскен табыс - көлік кәсіпорындарының жүктерді (почтаны қоса), жолаушыларды (багажды қоса) тасымалдағаны, жүктер мен жолаушыларды тасымалдағаны және көлік мүліктерін пайдаланғаны үшін қосымша қызмет көрсетуден алынған қаражат сомасы.

пассажиropеpевозok, выполненных нетранспортными предприятиями и предпринимателями, занимающимися коммерческими перевозками.

Протяженность сети путей сообщения - суммарная протяженность в километрах участков путей транспортного сообщения. Определяется на отчетную дату путем суммирования длин отдельных участков, образующих сеть.

Густота сети путей сообщения - протяженность путей сообщения в километрах, приходящаяся на единицу площади территории (обычно 1000 км²) страны или региона.

Доходы от перевозок - сумма средств, полученных транспортными предприятиями за перевозку грузов (включая почту), пассажиров (включая багаж), оказанные отправителям грузов и пассажиров дополнительные услуги по перевозкам и за пользование имуществом транспорта.

Байланыс Связь

Почта байланысы – почталық жөнелтімдерді қабылдау, сұрыптау, тасымалдау және жеткізу, сондай-ақ мерзімдік басылымдарды жіберу, жеткізу және тарату.

Курьерлік байланыс – фирмалар жүзеге асыратын хаттарды, бандерольдарды және қаптарды алу, тасымалдау және жеткізу, ұлттық почтадан басқа.

Электр байланысы (телекоммуникациялар) – белгілерді, сигналдарды, дауыстық ақпаратты, жазбаша мәтінді, бейнелерді, дыбыстарды сым-өткізгіш, радио, оптикалық және басқа электрмагниттік жүйелер бойынша тарату немесе қабылдау. Телефон, телеграф, факсимильдік байланысты, деректерді және құжаттық хабарламалардың басқа түрлерін беруді, сондай-ақ телевизиялық, дыбыстық және радио және сымдық хабар таратудың өзге де түрлерін қамтамасыз ететін желілер мен құралдарды қосады.

Почтовая связь - прием, обработка, перевозка и доставка почтовых отправлений, а также экспедирование, доставка и распространение периодической печати.

Курьерская связь – прием, перевозка и доставка писем, бандеролей и пакетов, осуществляемые фирмами, кроме национальной почты.

Электрическая связь (телекоммуникации) - передача или прием знаков, сигналов, голосовой информации, письменного текста, изображений, звуков по проводной, радио-, оптической и другим электромагнитным системам. Включает сети и средства, обеспечивающие телефонную, телеграфную, факсимильную связь, передачу данных и других видов документальных сообщений, а также телевизионное, звуковое и иные виды радио- и проводного вещания, доступ в Интернет.

Шағын және орта кәсіпкерлік Малое и среднее предпринимательство

Қызмет түрлері «Жеке кәсіпкерлер» заңымен реттелетін **шағын және орта кәсіпкерлер субъектілеріне** заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер және шаруа (фермер) қожалықтары жатады.

Жеке кәсіпкерлер – жеке тұлғалардың табыс алуға бағытталған, олардың өз меншігіне негізделген және жеке тұлғалардың атынан, олардың тәуекелімен және олардың мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі. Жеке кәсіпкерлердің мемлекеттік тіркелуін салық органдары жүзеге асырады.

Шаруа (фермер) қожалығы деп жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге арналған ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалануға, сондай-ақ осы өнімді өңдеуге және өткізуге тікелей байланысты адамдардың отбасылық-еңбек бірлестігі танылады.

Шығарған өнімдер барлық шығарылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өндірушінің бағасымен көрсетілетін құны.

Қызметкерлердің тізімдік саны – азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыстарды орындайтын адамдардан басқа жеке еңбек шарты бойынша, оның жасалу мерзіміне қарамастан жұмысқа қабылданған адамдар саны.

К субъектам малого и среднего предпринимательства относятся юридические лица, индивидуальные предприниматели и крестьянские (фермерские) хозяйства, деятельность которых регламентируется законом «О частном предпринимательстве».

Индивидуальное предпринимательство – инициативная деятельность физических лиц, направленная на получение дохода, основанная на собственности самих физических лиц и осуществляемая от имени физических лиц, за их риск и под их имущественную ответственность. Государственную регистрацию индивидуальных предпринимателей осуществляют налоговые органы.

Крестьянским (фермерским) хозяйствам признается семейно-трудовое объединение лиц, в котором осуществление индивидуального предпринимательства неразрывно связано с использованием земель сельскохозяйственного назначения для производства сельскохозяйственной продукции, а также переработкой и реализацией этой продукции.

Выпуск продукции - стоимость всей выпущенной продукции и оказанных услуг в ценах производителя.

Списочная численность работников - численность лиц, принятых по индивидуальному трудовому договору, независимо от срока его заключения, кроме лиц, выполняющих работы по договорам гражданско-правового характера.

Қаржы жүйесі Финансовая система

Мемлекеттік қаржы Государственные финансы

Мемлекеттік қаржы статистикасы бюджеттің орындалу процесіндегі бюджеттік қаражаттардың түсімдері мен шығыстарын көрсетеді.

Мемлекеттік қаржы статистикасының ақпараттық базасы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі табыстайтын мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің орындалуы жөніндегі есептер негізінде құралған.

Қазақстан Республикасында келесі деңгейдегі бюджеттер бекітіледі, орындалады және дербес болып табылады: республикалық бюджет; облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті; район (облыстық маңызы бар қала) бюджеті.

Аналитикалық ақпарат ретінде өзара өтелетін операцияларды есепке алмағандағы республикалық және жергілікті бюджеттерінен, және район (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерін біріктіретін облыс бюджетінен тұратын мемлекеттік бюджет пайдаланылады. Мемлекеттік және облыс бюджеті бекітілмейді.

Бюджеттердің түсімдері болып кірістер, бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер, алынған трансферттер, сонымен қатар мемлекеттік қарыздар табылады.

Бюджет кірістері – салық және салықтан тыс түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер және трансферттер түсімдерінің көлемі.

Салықтық түсімдер – Қазақстан Республикасының Салықтық кодексімен бекітілген салықтар және басқа да бюджетке міндетті төлемдер.

Салықтық емес түсімдер – республикалық және жергілікті бюджет-

Статистика государственных финансов отражает поступление и расходование бюджетных средств в процессе исполнения бюджета.

Информационная база статистики государственных финансов сформирована на основе данных отчетов об исполнении государственного, республиканского и местных бюджетов, представляемых Министерством финансов Республики Казахстан.

В Республике Казахстан утверждаются, исполняются и являются самостоятельными бюджеты следующих уровней: республиканский бюджет; областной бюджет, бюджет города республиканского значения, столицы; бюджет района (города областного значения).

В качестве аналитической информации используются **государственный бюджет**, который является сводным бюджетом, объединяющим республиканский и местные бюджеты без учета взаимопогашаемых операций между ними, и **бюджет области**, который является сводным бюджетом объединяющим областной бюджет, бюджеты районов (городов областного значения). Государственный бюджет и бюджет области не подлежат утверждению.

Поступлениями бюджетов являются доходы, погашение бюджетных кредитов, поступление от продажи финансовых активов государства, полученные трансферты, а также государственные займы.

Доходы бюджета – налоговые и неналоговые поступления, поступления от продажи основного капитала, поступления трансфертов.

Налоговые поступления – налоги и другие обязательные платежи в бюд-

ке түсетін міндетті, қайтарылмайтын төлемдер және Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорына жіберілетін түсімдер, байланысты гранттар және бюджетке қайтарымсыз түрде түсетін қаражаттар.

Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – мемлекеттік мекемелер иеленетін мемлекеттік меншікті сатудан, мемлекеттік материалды резервтерді сатудан, Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе басқа халықаралық келісім-шарттармен қарастырылған жеке меншікке, тұрақты және уақытша пайдалануға немесе басқаша өткізілген мемлекеттік меншіктегі жер учаскілерін сатудан, мемлекеттің иелігіндегі материалды емес активтерді сатудан түскен түсімдер.

Трансферттердің түсімдері – бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан бюджетке түсетін трансферттер түсімдері.

Бюджеттік кредиттерді өтеу – кредиттік келісімге және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қарыз алушының бюджеттік кредит бойынша негізгі қарызды өтеуі.

Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер – заңды тұлғалардың, соның ішінде мемлекеттік меншіктегі халықаралық ұйымдардың, мүліктік кешен түріндегі мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың қатысу үлестерін, құнды қағаздарын және мемлекеттік кәсіпорындардың оперативті басқаруында немесе шаруашылық жүргізуіндегі тағы да басқа мемлекеттік мүлікті сатудан түскен операцияларға байланысты бюджетке түсетін түсімдер.

Бюджет шығыстары болып шығындар, бюджеттік кредиттер, қаржылық активтерді сатып алу, қарыздар бойынша негізгі қарызды өтеу табылады.

жет, установленные Налоговым кодексом Республики Казахстан.

Неналоговые поступления – обязательные, невозвратные платежи в республиканский и местные бюджеты и поступления в бюджет, направляемые в Национальный фонд Республики Казахстан, связанные гранты, а также деньги, передаваемые в бюджет на безвозмездной основе.

Поступления от продажи основного капитала – деньги от продажи государственного имущества, закрепленного за государственными учреждениями, от продажи из государственного материального резерва, от продажи земельных участков, находящихся в государственной собственности, в частную собственность или предоставления их в постоянное или временное землепользование либо реализованных иным способом, в порядке, предусмотренном законами Республики Казахстан или международными договорами, от продажи нематериальных активов, принадлежащих государству.

Поступления трансфертов – поступления трансфертов из одного уровня бюджета в другой, из Национального фонда Республики Казахстан в бюджет.

Погашение бюджетных кредитов – погашение заемщиком основного долга по бюджетному кредиту в соответствии с кредитным договором и законодательством Республики Казахстан.

Поступления от продажи финансовых активов государства – поступления в бюджет, связанные с операциями по продаже долей участия, ценных бумаг юридических лиц, в том числе международных организаций, находящихся в государственной собственности, государственных учреждений и государственных предприятий в виде имущественного комплекса, а также иного государственного имущества, находящегося в оперативном управлении или хозяйственном ведении государственных предприятий.

Бюджет шығындары болып қайтарымсыз негізде бөлінетін бюджеттік қаражаттар табылады.

Бюджеттік кредиттер – бюджеттен қайтарымды, жедел және ақылы негізде бөлінетін қаражат.

Қаржылық активтерді сатып алу – заңды тұлғалардың, соның ішінде халықаралық ұйымдардың қатысу үлестерін, құнды қағаздарын мемлекеттік меншікке сатып алу бойынша операцияларға байланысты бюджет шығыстары.

Бюджет дефициті (профициті) кірістер, бюджеттік кредиттерді өтеу сомалары, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдерден құралатын бюджет түсімдері және шығындар, бюджеттік кредиттеу, және қаржылық активтерді сатып алудан тұратын бюджет шығыстары арасындағы айырмашылыққа тең.

Теріс белгісі бар алынған шама – бюджет дефициті, оң белгісі бар алынған шама – бюджет профициті болып табылады.

Бюджет дефицитін қаржыландыру – бюджет дефицитін қарызға алу және бюджеттік қаражаттар қалдықтары есебінен жабуды қамтамасыз ету.

Бюджет профицитін пайдалану – бюджет профицитін, қарыз қаражаттарын, қарыздар бойынша негізгі қарызды өтеуге арналған бюджеттік қаражаттар қалдықтарын жұмсау.

Расходами бюджета являются затраты, бюджетные кредиты, приобретение финансовых активов, погашение основного долга по займам.

Затратами бюджета являются бюджетные средства, выделяемые на невозвратной основе.

Бюджетные кредиты - деньги, выделяемые из бюджета на возвратной, срочной и платной основе.

Приобретение финансовых активов – расходы бюджета, связанные с операциями по приобретению в государственную собственность долей участия, ценных бумаг юридических лиц, в том числе международных организаций.

Дефицит (профицит) бюджета равен разнице между поступлениями бюджета, сложившимися за счет доходов, сумм погашения бюджетных кредитов, поступлений от продажи финансовых активов государства, и расходами бюджета, сложившимися в результате произведенных затрат, бюджетного кредитования и приобретения финансовых активов.

Полученная величина с отрицательным знаком является дефицитом, с положительным знаком - профицитом бюджета.

Финансирование дефицита бюджета - обеспечение покрытия дефицита бюджета за счет заимствования и остатков бюджетных средств.

Использование профицита бюджета – расходование профицита бюджета, средств займов, остатков бюджетных средств на погашение основного долга по займам.

Орта және ірі кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі
Финансово-хозяйственная деятельность
средних и крупных предприятий

Салық салынғанға дейінгі пайда (залал) салдыоланған қаржылық нәтиже болып саналады және негізгі қызметтен түскен жалпы табыспен кезең шығыстары арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден түскен кіріс - алынған және алуға жататын табыс сомасынан қосылған құн салығын, акциздерді алып тастағандағы, сондай-ақ, қайтарылып берілген, тұтынушыларға ұсынылған сауда жеңілдіктері мен баға жеңілдіктерін алып тастағандағы түскен табыс.

Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны - босатылған (тиелген) дайын өнімнің (тауарлардың, қызметтердің) есепке алынған нақты құны.

Кәсіпорынның дебиторлық берешегі – сатып алушылардың жөнелтілген өнімге, орындалған жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге, соның ішінде вексельдер және аванстар беріліп қамтамасыз етілген берешегі; материалдық зиянды өтеу, және т.б.

Міндеттемелер бойынша берешекке – жеткізушілердің жөнелтілген өнімдер, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін, соның ішінде вексельдер және аванстар беріліп қамтамасыз етілген берешегі; материалдық зиянды өтеу кіреді. Сонымен қатар, міндеттемелер бойынша берешекке кәсіпорынның бюджетке төленетін төлемдерінің барлық түрлері, қызметкерлерге еңбек ақы және басқа төлемақылар қаражатын төлеу, мемлекеттік бюджеттен тыс қорларға төлемдер, банктер мен банктерден тыс ұйымдардың қарызы кіреді.

Прибыль (убыток) до налогообложения определяется суммой прибыли (убытка) за период от продолжаемой деятельности и прибылью (убытком) от прекращенной деятельности.

Доход от реализации продукции и оказания услуг - сумма полученного и подлежащего к получению дохода за минусом налога на добавленную стоимость, акцизов, а также стоимости возвращенных товаров, скидки с продаж и скидки с цены, представленных покупателю.

Себестоимость реализованной продукции и оказанных услуг - фактическая себестоимость отпущенной (отгруженной) готовой продукции (работ, услуг).

Дебиторская задолженность – сумма долгов, причитающаяся предприятию, от юридических или физических лиц в итоге хозяйственных взаимоотношений с ними. Включает в себя долги за отгруженную продукцию, выполненные работы и оказанные услуги.

Задолженность по обязательствам – денежные средства, временно привлеченные предприятием и подлежащие возврату соответствующим юридическим и физическим лицам. Кредиторскую задолженность составляют неосуществленные платежи за отгруженные товары, неоплаченные налоги, невыплаченная начисленная заработная плата.

Жинақтың бөлімдері үшін жауапты адамдар
Ответственные за разделы сборника

Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер	Жармұхамбетов Досан Тұрсынханұлы 8 (7172) 749059	Основные социально-экономические показатели
Ұлттық шоттар жүйесі Ақша кредит жүйесі Кәсіпорындар қаржысы Шағын және орта кәсіпкерлік	Сұлтанова Зұлфия Медетқызы 8 (7172) 749058	Система национальных счетов Денежно-кредитная система Финансы предприятий Малое и среднее предпринимательство
Ұлттық байлық Өнеркәсіп Ауыл шаруашылығы Кұрылыс Инвестициялық қызмет Қоршаған орта	Епбаева Айгүл Тоқтарханқызы 8 (7172) 749056	Национальное богатство Промышленность Сельское хозяйство Строительство Инвестиционная деятельность Окружающая среда
Мәдениет және туризм Ғылым және инновация Көлік және байланыс Сауда	Якупова Зифа Рафиковна 8 (7172) 749318	Культура и туризм Наука и инновация Транспорт и связь Торговля
Бағалар	Кривко Нина Ивановна 8 (7172) 749057	Цены
Халық саны Білім беру Денсаулық сақтау Қылмыстылық	Қоқанова Гүлнар Жақайқызы 8 (7172) 749061	Численность населения Образование Здравоохранение Преступность
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу Халықтың тұрмыс деңгейі	Евстафьев Вячеслав Евгеньевич 8 (7172) 749264	Рынок и оплата труда Уровень жизни населения
Халықтың тұрғын үй жағдайы Бизнес-тіркелімі	Бөлебаева Ләззат Қайдірбекқызы 8 (7172) 749276	Жилищные условия населения Бизнес-регистр

«2009 жылғы алдын ала деректер»
/ Статистикалық жинақ / Астана, 2010

«Предварительные данные за 2009 год»
/ Статистический сборник / Астана, 2010

Жауапты шығарушы: Жарияланымдар және ақпараттық
технологиялар департаменті
Департамент директоры Д.Жармұхамбетов
Орындаушылар: А.Сәрсембина, Г.Айбасова

Ответственные за выпуск: Департамент стратегического
планирования и распространения данных
Директор департамента Д. Жармухамбетов
Исполнители: Сарсембина А., Айбасова Г.

Тел. 8 (7172) 749551
Тел. факс 8 (7172) 749509

Көлемі: 12,95 ЕБТ
Объем: 12,95 УПЛ

Таралымы: 300 дана
Тираж: 300 экз.

Компьютерлік беттеген «Жарқын Ко» ЖШС
Компьютерная верстка ТОО «Жарқын Ко»